

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 9 шілдедегі № 212 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде 2020 жылы 16 шілдеде № 20974 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы № 416 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 20.12.2023 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының 6-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) Кадр жұмысы департаменті заңнамада бейнеленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың оны ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы

А. Шпекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі

министрлігі

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет)

Төрағасының

2020 жылғы 9 шілдедегі

№ 212 бұйрығымен

бекітілген

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызмет өткерген қызметкерлерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтен шығарылған күні еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін шарттары болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлеріне (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері), сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап

жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асырудың тәртібін нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлеріне "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес берілетін ақшалай төлем;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Мемлекеттік корпорацияның филиалдары.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және төлеу, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін қайта есептеу және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу Заңға, "Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы

қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына, "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен жасаған зейнетақымен (әлеуметтік) қамсыздандыру туралы келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру жұмыстарын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (бұдан әрі – Агенттік) және оның аумақтық органдарының (бұдан әрі – аумақтық органдар) кадр қызметтері жүзеге асырады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру жұмысына:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және бұрын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызмет өткерген зейнеткерлерге (бұдан әрі – зейнеткерлер) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін қайта есептеу, олардың отбасы мүшелеріне жәрдемақы мен өтемақы тағайындау;

2) зейнеткерлер мен зейнетақы істерінің дербес есебін жүргізу;

3) заңнамаға сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы мәртебесін растайтын құжаттар беру;

4) заңнамаға сәйкес зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша зейнеткерлерді қабылдау, ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды қарау;

5) Мемлекеттік корпорацияның филиалдарымен өзара іс-қимыл жасасу кіреді.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру, оларды төлеуді тоқтату, жәрдемақылар мен өтемақылар тағайындау және төлеу

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлері зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін, соңғы қызмет орны бойынша кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжатты түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисі арқылы және мынадай құжаттар мен олардың көшірмелерін қоса бере отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады:

1) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті органдағы банк шотының нөмірі не қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшасының бақылау шоты туралы мәліметтер;

2) 3x4 сантиметр өлшемдегі түрлі-түсті екі фотосурет;

3) пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналары аударылған адамдар үшін – әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызының жеке зейнетақы шотынан есептен шығарылғаны туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша растау-анықтама.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 23.05.2023 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте он жылдан астам еңбек өтілі бар қызметкерлер соңғы қызмет орны бойынша кадр қызметіне 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотынан үзінді ұсынады.

8. Қызметтен шығарылудан және зейнетақы тағайындаудан бұрын қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін қызметкерлер кадр қызметінің

жолдамасымен өз қалауы бойынша әскери-дәрігерлік комиссиялардан (бұдан әрі – ӘДК) медициналық куәландырудан өтеді. ӘДК қорытындылары (түпнұсқалары) зейнетақы істерінде сақталады.

9. Кадр қызметі осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық емес пакетін ұсынған немесе толық емес не дұрыс емес мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынған жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті қабылдамайды.

10. Агенттіктің және оның аумақтық органдарының кадр қызметінің қызметкері құжаттардың көшірмелері "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіппен куәландырылған жағдайдан басқа, құжаттардың көшірмелерін олардың ұсынылған түпнұсқаларымен салыстырғаннан кейін қол қойып, кадр қызметінің мөрімен куәландырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Агенттіктің және оның аумақтық органдарының кадр қызметі осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қабылдап, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындау үшін құжаттар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде есеп жасайды.

12. Агенттіктің және оның аумақтық органдарының кадр қызметі еңбек сіңірген жылдарды есептеуді мынадай тәртіпте жүргізеді:

1) жеке істің, еңбек сіңірген жылдарын растайтын әскери билеттің, сондай-ақ еңбек өтілін растайтын құжаттардың (еңбек кітапшасы, жұмыс берушінің тоқтату күні мен негіздері туралы белгісі бар еңбек шарты, еңбек шартын жасасу және тоқтатудың негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқталуын растайтын жұмыс берушінің актілерінен үзінділер, қызметкерлерге еңбекақы беру ведомосынан үзінділер, жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрі (бар болған жағдайда) қойылған қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі), бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінділер, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жасалған әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтер, қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтері бар мұрағаттық анықтама, не еңбек қатынастарының бар болуын растайтын заң фактілерін белгілеу туралы заңды күшіне еген сот шешімі) негізінде қызмет өткеру туралы деректерді тексереді, заңнамаға сәйкес күнтізбелік және жеңілдікпен есептеуге жататын қызмет кезеңдері мен еңбек өтілін нақтылайды және растайды;

2) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген

жылдарының есебін жасайды, зейнетақы рәсімдеп жатқан адамға қол қойғызып, оған жариялайды.

Зейнеткерлікке шығарылған қызметкердің жеке мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), еңбек сіңірген жылдарының есебінде оның жеке басын куәландыратын құжат бойынша толтырылады.

Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары есебінің соңғы парағы есепті жасаған кадр қызметі қызметкерінің, кадр қызметінің басшысымен және кадр қызметінің мөрімен расталады.

13. Агенттіктің, аумақтық органдардың қаржы қызметтері кадр қызметіне осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген мерзім ішінде соңғы қызмет орны бойынша қызметкердің шығарылатын күніне ақшалай қамтылымының мөлшерін растайтын ақшалай аттестатты осы Нұсқаулыққа 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Агенттіктің кадр қызметі осы Нұсқаулықтың 6, 7, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) осы Нұсқаулыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы қорытындыны рәсімдейді, оны еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын кадр қызметінің басшысы бекітеді;

2) осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісін рәсімдейді, оған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы қорытынды және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға негіз болған материалдар қоса тігіледі;

3) осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы ісін зейнеткерлерді және зейнетақы істерін есепке алу кітабында тіркейді;

4) осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің зейнеткерлік куәлігін рәсімдейді, ол еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады.

5) осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің зейнеткерлік куәліктерді есепке алу кітабына еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының зейнеткерлік

куәлігін тіркейді және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушыға қол қойғыза отырып, береді.

14-1. Зейнетақы куәлігін ауыстыру жоғалған, бүлінген, сондай-ақ зейнеткердің тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген жағдайларда жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің зейнетақы куәлігін жоғалтқан зейнеткер Табу бюросына жүгінгені және жоғалтқан зейнетақы куәлігінің жарамсыздығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаны туралы құжаттардың көшірмелерін ұсынумен, Агенттіктің кадр қызметін хабардар етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің зейнетақы куәлігін бүлдірген жағдайда, зейнеткер бүлінген зейнетақы куәлігін кезекті жою үшін Агенттіктің кадр қызметіне ұсынады.

Зейнеткер тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген жағдайда, Агенттіктің кадр қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің зейнетақы куәлігін, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисі арқылы өзгертілген деректерімен ұсынады.

Жоғалған немесе бүлінгеннің орнына, сондай-ақ тегі, аты немесе әкесінің аты өзгерген кезде жаңа зейнетақы куәлігін Агенттіктің кадр қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жаңа зейнетақы куәлігін дайындауға жұмсалатын шығыстарды мемлекет кірісіне өтегені туралы растайтын құжаттарды, сондай-ақ 3x4 сантиметр өлшемдегі түрлі-түсті екі фотосуретті тапсырғаннан кейін береді.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 23.05.2023 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындағаннан кейін Агенттіктің кадр қызметі Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-ВС нысаны бойынша зейнетақы ісінен үзінді толтырылады және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламамен қоса отырып, бір данада Мемлекеттік корпорацияның филиалына жолданады. Үзінділердің көшірмелері істер номенклатурасына қоса тігіледі.

16. Зейнетақы төлемдерін алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), банк шотының нөмірі, туған күні, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушы Агенттіктің кадр қызметіне тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен осы өзгерістер туралы өтініш береді.

17. Аумақтық органдардың кадр қызметтерінен Агенттіктің кадр қызметіне толық емес, дұрыс емес немесе қайшы келетін мәліметтерді қамтитын құжаттар келіп түскен жағдайда, сондай-ақ еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы

төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда Агенттіктің кадр қызметі он жұмыс күні ішінде аумақтық органдардың кадр қызметтеріне бас тарту себебін көрсете отырып, құжаттарды қайтарады

Аумақтық органдардың кадр қызметтері өтініш иесін үш жұмыс күні ішінде хабарландырады.

18. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы арнаулы атағын берумен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қабылданған кезде аумақтық органдардың кадр қызметі қызметке тағайындалған күннен бастап қызмет өткеру кезеңінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тоқтату үшін, Агенттіктің кадр қызметіне тиісті ақпаратты жолдайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған, Қазақстан Республикасының басқа аймағына немесе одан тыс жерлерге кеткен, не Агенттіктің кадр қызметтерінің сұрау салуы бойынша зейнетақы төлемдері тоқтатылған жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның филиалдары айлар бойынша өткен жылы жүргізілген төлемдер туралы анықтама ұсынады.

20. Қызметкерге зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары және еңбек өтілі жеткіліксіз болған жағдайда Агенттіктің кадр қызметі оны осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ол туралы таныстырады.

21. Жерлеуге біржолғы төлемдерді (өтемақыны) және біржолғы жәрдемақыны тағайындау үшін қайтыс болған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының отбасы мүшелері қайтыс болған адамның бұрынғы тұрғылықты жері бойынша кадр қызметіне өтініш береді.

Қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге біржолғы төлемдерді (өтемақыны) және біржолғы жәрдемақыны тағайындау, төлеу Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

22. Интернаттық және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

23. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Зейнетақы төлемдерін қайта есептеу

24. Олардың мөлшеріне әсер ететін жағдайлардың өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің артуы, қайта есептелуі, сондай-ақ тоқтатылған зейнетақы істері бойынша бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерін төлеуді қайта бастау кезінде жаңа қорытынды жасалмайды.

25. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгерту егер заңнамамен өзге көзделмесе, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгертуге әкеп соққан мән-жайларды растайтын құжаттармен бірге зейнеткер жазбаша жүгінген күннен бастап жүргізіледі.

Зейнетақы төлемдері мөлшерінің өзгерісі осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес зейнетақы төлемін қайта есептеу кестесіне жазбамен рәсімделеді, оған кадр қызметінің қызметкері қол қояды және кадр қызметінің басшысымен бекітіледі.

Зейнетақы төлемін қайта есептеу кестесі зейнетақы ісіне қоса тігіледі.

26. Зейнетақы төлемдерін қайта есептеу үшін негіз болған растайтын құжаттар зейнетақы ісінде болған жағдайда лауазымды адамның кінәсі бойынша зейнетақы төлемдерін уақтылы қайта есептемеген жағдайда қосымша ақы зейнетақы төлемдерінің арттырылған мөлшеріне құқық белгіленген күннен бастап жүзеге асырылады.

27. Заңда көзделген жыл сайынғы арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері өзгерген жағдайда Агенттіктің кадр қызметі Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 1-ВС-арттыру нысаны бойынша зейнетақы төлемдерінің жаңа мөлшері туралы алушылардың зейнетақы істерінен үзінділер дайындайды және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына бір данада жолдайды.

28. Қызмет өтілінің не ақшалай қамтылым мөлшерінің өзгеруіне байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері өзгерген жағдайда Агенттіктің кадр қызметі Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес 1-ИУ нысаны бойынша, не 3-қосымшаға сәйкес 1-ВС нысаны бойынша зейнетақы ісінен үзінділер дайындайды және Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша ұсынылатын құжаттар туралы хабарламаны қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына бір данада жолдайды.

29. Зейнетақы төлемдерін заңсыз тағайындауды анықтаған кезде Агенттіктің кадр қызметі зейнетақы төлемдерін тоқтату туралы қорытынды жасайды, оны Агенттіктің аппарат басшысы бекітеді.

Агенттіктің кадр қызметі еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша төлемді тоқтатуға хабарлама дайындап, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолдайды және шешім қабылдаған

күннен бастап бес жұмыс күні ішінде зейнетақы төлемдерін алушыны жазбаша хабардар етеді.

4-тарау. Тұрғылықты жері өзгерген кезде азаматтарға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

30. Зейнетақы төлемін алушының Қазақстанның басқа аймағына немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде зейнетақы төлемдері алушының тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған айы аралығында жүзеге асырылады.

31. Қазақстанның басқа аймағына тұрақты тұруға кеткен кезде зейнетақы төлемдерін алушы Агенттіктің кадр қызметіне:

1) Агенттіктің кадр қызметі басшысының атына зейнетақы төлемдерін алушының тұрғылықты жерін ауыстыруы туралы өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) түпнұсқасында не цифрлық құжаттар сервисі арқылы;

3) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардағы банк шотының нөмірі туралы мәлімет ұсынады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 23.05.2023 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Зейнеткер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде Агенттіктің кадр қызметі басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша не зейнеткердің өтініші бойынша зейнетақы ісін зейнеткер тұрып жатқан елдің уәкілетті органына мекенжай бойынша шығу парағын қоса бере отырып жолдайды.

Төлемдерді тоқтату үшін Агенттіктің кадр қызметі Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша Мемлекеттік корпорацияға төлемдерді тоқтату туралы хабарлама жолдайды.

5-тарау. Зейнетақы ісіні рәсімдеу

33. Зейнетақы ісі зейнетақы төлемдерін тағайындау, арттыру (қайта есептеу) және төлеу үшін қажетті тиісті құжаттармен жинақталады. Одан әрі зейнеткерге қатысты барлық хат алмасулар оның зейнетақы ісінде сақталады және хронологиялық тәртіппен тігіледі.

34. Зейнетақы ісіне реті бойынша істің нөмірі және аймақтың литері беріледі.

Зейнетақы ісінің мұқабасының алдыңғы бетінде аймақтың литері, істің нөмірі, зейнеткердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), арнаулы атағы, қызметтен шығарылған күніне атқарған лауазымы мен қызмет орны көрсетіледі.

Мұқабаның ішкі бетінде зейнеткердің тіркелген мекенжайы және нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефондары, зейнеткерлік куәліктің нөмірі мен берілген күні, төлемдерді жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорация филиалының атауы көрсетіледі.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 24.11.2022 № 421 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Істе құжаттар мынадай тәртіппен қойылады:

1) осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін негіз болған құжаттар;

2) медициналық құжаттар – қызметке жарамдылық дәрежесі туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы, медициналық әлеуметтік сараптаманың мүгедектік туралы анықтамаларынан үзінді;

3) әртүрлі хат алмасулар – зейнеткердің өтініші және хаттары, оларға жауаптардың көшірмелері, басқа бөлімшелермен, ұйымдармен хат алмасулар;

4) зейнетақы төлемдерін төлеуге құжаттар – Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жіберілген үзінділердің және хабарламалардың көшірмелері, жүргізілген төлемдер туралы Мемлекеттік корпорация филиалдарының анықтамалары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызметте қызмет өткерген
қызметкерлерге еңбек сіңірген
жылдары үшін зейнетақы
төлемдерін тағайындау және
жүзеге асыру жөніндегі
